



● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ



Нан неге қымбаттады?

**Айбек
КӘДІРҰЛЫ**

Дүниенің бәрі қымбаттағанда нан бағасы ғана өспейді. Осы уақытқа дейін бағаның негізсіз шарықтауына жол бермей келген облыс әкімдігі бұл жолы еш қайран қыла алмады. Неге?

Астықты өңірде 1 сортты нанның (600 грамдық) бөлшек саудадағы бағасы 2010 жылдан бері 42 теңгеден асқан жоқ. Бұл республика бойынша ең төменгі баға. Керісін-

ше соңғы бес жылдың бедерінде Қостанай облысындағы наубайханаларының жалпы шығыны 40%-ға өсіпті. Оның ішінде көгілдір отын 19 % -ға, жанар-жағар май 83 % -ға, электр энергиясы 23 % -ға артқан.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының берген мәліметтеріне сүйенсек, кәсіпорын басшылары нан бағасын көтеру туралы бірнеше рет ұсыныс жасаған. Өйткені, өнімнің өзіндік құны бөлшек саудадағы бағадан анағұрлым жоғары. Яғни, шыққан шығынды ақтамайды. Әрі-беріден соң бұл кәсіпорынды техникалық және тех-

нологиялық жарақтандыруға, жұмысшылардың жалақысын өсіруге едәуір кедергі. Баға саясаты өндіріс орындарының экономикалық көрсеткіштеріне де кері әсерін тигізетінін жоққа шығаруға болмайды.

Сондықтан, 1 сортты ұннан пісірілген 600 грамдық нанның бағасын 4 теңгеге немесе 9,5 % -ға өсіруден басқа амал қалмай тұр. Енді наубайханаларда бір бөлкенің құны 44 теңге тұрса, ал дүкендер 46 теңгеден сатпақ.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Бағдарламаға бөлінген қаражат көлемі қысқарды

**Қарлығаш
ОСПАНОВА**

Елбасы "Қазақстан 2050 стратегиясы" Жолдауында ұлттық экономиканың жетекші күші – кәсіпкерлікке жан-жақты қолдау көрсету екендігін атап өткен болатын. Осы мақсатта бүгінде елімізде орта және шағын бизнесті өркендетуге біраз жағдай жасалып, түрлі бағдарламалар да жұмыс істеуде. Соның бірі – "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасы. Бірақ биыл аталған бағдарламаға бірқатар өзгерістер енгізіліп отыр, яғни оған қарастырылған қаржы көлемі біршама азаймақ. Бұл туралы облыс әкімдігінде өткен аппарат мәжілісінде облыстық кәсіпкерлікті және индустриалдық-инновацияны дамыту басқармасының басшысы Мейрам Сөкітбаев мәлімдеді.

Осыдан бес жыл бұрын қолға алынған аталмыш бағдарламаның арқасында Тобыл өңірінде түрлі салада 400-ге жуық жоба мақұлданып, бизнес бастамаларды қолдауға 7 млрд. теңгеден астам қаржы құйылды. Басқарма басшысының айтуынша, өткен жылы бағдарламаны жүзеге асыруға 2.млрд.738 млн. теңге бөлініп, жүз елуден астам жоба іске қосылған көрінеді. Ал, биылғы жылы бұл мақсатқа 1,5 млрд. теңге бөлініп отыр, яғни қаржы көлемі 43 пайызға азайып отыр.

– 2014 жылы бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында республикалық бюджеттен 2,5 млрд. теңге бөлініп, 152 жоба мақұлданды. Облыс бойынша екінші деңгейлі банктармен 668 млн. теңге көлемінде несие берілді. Ұсынылған жобалардың үлесі өнеркәсіп, көлік тасымалдау салаларына тиесілі. Былтырғы жылы жаңадан кәсіп бастаймын деген кәсіпкерлер үшін де тиімді болды, гранттық қаржыландыру жобасы бойынша ісін жаңадан бастаған кәсіпкерлер қайтарымсыз

грантқа ие болды, – дейді М.Сөкітбаев.

Сондай-ақ, өндірістік инфрақұрылымды дамыту мақсатында өңірде өткен жылы төрт жоба қаржыландырылған. Мәселен, мемлекет қолдауын сезінген кәсіпорындардың қатарында пластикалық терезелер шығаратын өндіріс цехы мен үй-құрылыс комбинаты да бар. Бұл нысандарға жылу мен инженерлік коммуникациялар тартылып, осы мақсатқа 128 млн. теңге жұмсалған.

Қостанай облысының әкімі Н.М.Садуақасовтың халықпен есеп беру кездесуі өтеді

"Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 15 тамыздағы № 615 Жарлығына сәйкес 2015 жылғы 18 ақпанда Қостанай облысының әкімі Н.М. САДУАҚАСОВТЫҢ өңір тұрғындарымен дәстүрлі кездесуі өтеді. Облыс әкімінің есеп беру кездесуі алдында 2015 жылғы 12 қаңтардан бастап 3 ақпанды қоса алғанға дейін халықтан сұрақтар, ұсыныстар, ескертулер мен ұнқатулар қабылдау ұйымдастырылады.

Азаматтар өз өтініштерін облыс әкімі аппаратының пошталық мекенжайына: 110000, Қостанай қ., Әл-Фараби д-лы, 66, электрондық мекенжайына: akim@kostanay.gov.kz, облыс әкімінің блогына - www.blogs.kostanay.gov.kz, 8 (7142) 57-50-84, 57-50-57 қауырт желі телефоны бойынша жібере алады, облыс әкімі аппараты ғимаратының вестибюлінде орнатылған арнайы жәшікке сала алады.

Қостанай облысы әкімінің аппараты.

Ардагерлерге көмек көрсетілмек

Қарлығаш ОСПАНОВА

Ұлы Жеңістің 70 жылдық мерейтойына орай, Қостанай облысына республика қазынасынан 326 млн. теңге бөлінді, оның 323 млн. теңгесі ардагерлерге бір реттік материалдық көмекке, ал қалған 3 млн. теңгесі оларды Мәскеу мен Астана қаласында өтетін мерекелік шеруге апаруға жұмсалмақ. Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Е.Жаулыбаевтың айтуынша, бір реттік төлем көлемі 25 мың мен 100 мың теңге аралығында, сондай-ақ облыс бюджетінен де Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектеріне 150 мың теңге көлемінде бір реттік материалдық көмек төленетін болады. Сонымен қатар, жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушыларға теңестірілген басқа да санаттағы адамдарға, соның ішінде соғыс жылдарындағы тыл еңбеккерлеріне 5 айлық есептік көрсеткіш көлемінде (9910 теңге) көмек көрсетілмек. Бұдан басқа, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрмыстық қажеттілік үшін төленетін ай сайынғы 10 АЕК (19820 теңге) көмек түрі де жалғасын таба береді.

Кәсіпкерлердің құқықтары қорғалды

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Елбасы нұсқауымен өткен жылдың ақпан айында шағын және орта бизнес субъектілерін тексеруге уақытша тыйым салынды. Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне заңсыз араласуға тосқауыл қою мақсатында мемлекеттік органдарға тіркеуді, лицензиялық рұқсат беруді қысқарту жұмыстары жолға қойылды. Облыс прокуратурасы жарнама қызметін көрсетумен айналысатын 11 кәсіпкердің шағымы бойынша Қостанай қалалық әкімдігінің өткен жылдың 11 маусымындағы "Конкурстық өтінімдерді дайындау бойынша конкурстық құжаттарды бекіту және мемлекет меншігіндегі, уақытша нысандарды орнату, оны пайдалану үшін жер телімдерін жалға беруді ұсыну туралы конкурс өткізу" мен "Қостанай қаласы бойынша жарнама құрылысы және автобус аялдамалары туралы" заңсыз қаулысына наразылық келтірді.

Қостанай қалалық әкімдігі жарнамамен айналысатын бизнес өкілдеріне қосымша аялдама павильондарын орнатуды міндеттеген. Алайда істің мән-жайын тексерген құзырлы орган жергілікті билік өкілдерінің бұл талаптарын заңға қайшы деп тапты. Сондай-ақ қолданыстағы заңның басқа да талаптарының бұзылғанын анықтады. Прокурорлардың араласуынан кейін Қостанай қаласы әкімінің заңсыз қаулысының күші жойылды.

Оқу ақысын төлей алмай жүр

Қымбат ДОСЖАНОВА

Ата-ана қамқорлығынан айырылған әрі мүмкіндігі шектеулі жан Майгүл Бақытжанова Қостанай әлеуметтік білім колледжінің студенті. Ол ақылы бөлімде оқиды. Тұрмыстың төмендігінен оқу ақысын төлеуге қиналып жүр. Жас шәкірт бюджеттік топқа ауысқысы келеді. Сондықтан "Нұр Отан" партиясы ҚОФ қоғамдық қабылдауына жазылып, облыстық мәслихаттың хатшысы Сайлаубек Ешановтан көмек сұрады.

Қостанай әлеуметтік білім колледжінің директоры Марияш Қадыралинованың айтуынша, Майгүлдың оқуы төрт пен бес. Колледждің қоғамдық шараларына қатысады. Ән айтады, биді де билейді. Белсенді, білімді әрі тәртіпті студенттің оқу ақысына және жатақханасына жеңілдіктер жасалған. Ал, бюджеттік топқа келсек, колледждегі жетім балаларға арналған гранттар бос емес. Қосымша гранттар жоқ.

— Майгүлдің оқу ақысын төлеуге демеуші табамыз. Алдағы жазда құрылыс колледжіне тегін оқуға ауыстырамыз. Сондықтан, тек жақсы оқуы керек, — деді облыстық мәслихаттың хатшысы С.Ешанов.

Партияның қоғамдық қабылдауына жазылған тағы бір азамат — Оразбай Нұрғалиев. Ол 1 топтағы мүгедек, Денисов ауданының тұрғыны. Денсаулығына байланысты аптасына үш рет Қостанайға келіп емделеді. Яғни, жетісіне үш мәрте ауданнан облыс орталығына қатынайды. Емделу кезінде пәтер жалдап тұрады. Осының бәрі мол қаражатты талап етеді. Оразбай Нұрғалиевтің бар тілегі шаһардан уақытша баспана алу.

— Ауданнан қалаға қатынау мәселесін Денисов ауданының әкімімен келістік. Ал, уақытша баспана беру оңай шаруа емес. Себебі емделу кезінде азаматтарға уақытша пәтер беру заңда қарастырылмаған, — деді облыстық мәслихат хатшысы С.Ешанов.

● БИЛІК ЖӘНЕ ХАЛЫҚ

Халық жағдайының жақсаруы – БАСТЫ НАЗАРДА

Бүгінде облысымыздың өңірлерінде селолық округтер мен село әкімдерінің ауыл тұрғындарымен есептік кездесулері өткізілуде.

Аудан әкімі А.Ыбыраевтың қатысуымен Пресногорьков, Новопокров, Троебрат селолық округтерінде жұртшылықпен осындай кездесулер өтті. Жұртшылық осындай іс-шараға ынтамен қатысып отыр. Олардың өткен жылдың қорытындыларына, ауылдардың болашақтағы даму үдерістері жайында білуге қызығушылықтары мол. Биыл өткізіліп жатқан кездесулер бұрынғыға қарағанда ерекше. Кездесу алдында "Нұр Отан" партиясы қоғамдық қабылдауында аудан әкімі А.Ыбыраев ауыл тұрғындарымен кездесіп, оларды алаңдатқан мәселелерді анықтауға атсалысты. Ал, кездесу болатын мектеп дәліздерінде аудандық мемлекеттік мекемелер басшылары әр сала бойынша тұрғындармен кездесіп, олардың мұң-мұқтаждарын білуге тырысты. Осының нәтижесінде енді ауыл тұрғындары үшін аудан орталығына барып шағымданудың қажеті жоқ. Кездесулерді бастамас бұрын аудан әкімі А.Ыбыраев Н.Назарбаевтың "Нұрлы жол — болашаққа бастар жол" Жолдауында жарияланған жаңа экономикалық саясатқа көшу негіздеріне тоқталды. Село әкімдері — А.Жақсыбаев, М.Гербер, С.Құрманбаевтардың пікірлері бойынша, жергілікті жерлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамдық-саяси жағдайлары тұрақты болып келеді, бұл мемлекетіміздің әлеуметтік саясатының дұрыс болуы және ұжымдардың күнделікті еңбектерінің жемісі.

2015 жылға қойылған мақсат пен міндеттер ауыл тұрғындарының әлеуметтік көркеюіне, ауылдардың дамуына мемлекет тарапынан көп назар аударылатынын айқындайды. Өткен жылы Троебрат селосында медициналық амбулаторияның пайдалануға берілуі, дәл сондай нысанның құрылысы Пресногорьков селосында басталуы — мемлекет тарапынан жасалып келе жатқан қамқорлықтың тағы бір күесі.

Сол секілді Троебрат селосында үстіміздегі жылы іске қосылуы жоспарланып отырған инвестициялық жоспарлар тұрғындардың жұмыспен қамтылуына мүмкіншіліктерін асырады. Бұл туралы Абай Сәрсембайұлы өз сөзінде жұртшылыққа түсіндіре келе, тұрғындардың көтерген мәселелерінің бір де бірін назарынан тыс қал-

дырмады.

Новопокров селолық округінде болған кездесу нәтижелі болды. Мұнда осы өлдімекеннің іргелі шаруашылығы болып есептелетін "Тойсай" ЖШС басшысы Ұ.Ағайдаров кездесу барысында бірнеше әлеуметтік мәселелердің шешілуіне өз көмегін ұсынды. Соның ішінде, Новопокров селосының тұрғындары медициналық көмек үшін аудан орталығына бармай-ақ, жергілікті жерде қамтамасыз етілуіне жәрдемдесу мақсатымен, медициналық амбулатория негізінде күндізгі стационар ұйымдастыруға қаржылай көмектесуді, мемлекеттік мекемелердің автокөліктерінің жылы ғимаратта тұруына, ауылдың көше бойында қосымша жарық көздерін орнатуға қаржылай көмек көрсетуді өз тарапынан ұсынды.

Кездесу аясында округ тұрғындарының көбі жылқы, ірі қара мал ұстауларына байланысты мал шаруашылығын әрі қарай дамыту қажеттігі туралы айтылды. Көбінесе тұрғындарды су құбырларын өткізу, ауыз сумен қамтамасыз ету, жолдардың қыс айларында қамтылуы, пошталық байланыстың жұмысы, Интернет байланысының сапасы мен жылдамдығы сияқты мәселелер алаңдатады. Бұған Абай Сәрсембайұлы аталмыш селолық округтарға су құбырларының тартылуы жақын арадағы үш жылдық жоспарларға енгізіліп, жобалау-қаржылау құжаттарының дайындалғаны туралы мәлімдеді. Жолдардың қыс айларында қамтамасыз етілуі — жылдан-жылға қаржыландыру қоры үнемі өсіп келеді. Ал, пошталық байланыс жұмысына келсек, аудан әкімі мекеме басшысына жұмыста анықталған кемшіліктерді жуық арада жою қажеттігі туралы нақты ұсынымдар жасады.

Мемлекет тарапынан жасалып жатқан нақты істер — ауылдардың қарқынды дамуына көп ықпал жасап отыр. Абай Сәрсембайұлы аудан жұртшылығын "Сыбаға", "Жұмыспен қамтудың жол картасы — 2020", "Бизнестің жол картасы", т.б., бағдарламаларына белсенді қатысуға шақырды. Бағдарламалар шағын және орта бизнестің дамуына, жұмыс орындарының ашылуына, ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылықтарының дамуына үлкен мүмкіншілік беретіндігін жеткізді. Аудан әкімі тарапынан айтылған сөздер кездесуге қатысушылардың көңілінен шықты.

Рсалды ШАКАНОВА.

Ұзынкөл ауданы.

Бағдарламаға бөлінген қаражат көлемі қысқарды

1-бет Ал, Соколов-Сарыбай кен байыту акционерлік қоғамы қолға алған цемент зауытының инженерлік желілеріне бұдан үш есе артық қаржы құйылды.

Басқарма басшысы баяндағандай, бүгінде бағдарламаның игілігін көріп, оны жүзеге асыруда белсенділік танып отырғандардың үлесі облыс орталығы мен Рудный қаласында көрінеді. Сондай-ақ, Қостанай, Қарабалық, Меңдіқара аудандары да игі шараның игілігін көруде. Керісінше Аманкелді, Науырыз аудандарында бұл бағдарламаны жүзеге асыру белсенділігі төмен, бес

жыл ішінде небәрі екі-ақ жоба ғана мақұлданса, ал Федоровта бірде бір жобаға өтініш түспеген.

Облыс әкімі Н.Садуақасов аталған бағдарламаның арқасында кейбір аудан, қалалардың экономикалық қуатының артқандығын, бірақ биылғы өзгерістердің шағын және орта бизнес саласындағы жағдайды қиындатуы мүмкін екендігін айтады. Сондықтан, биылғы жылға бөлінген қаражаттың 1 млрд. 10 млн. теңгесі жаңа бастамаларға емес, былтырдан қалған жобаларға жұмсалатын болатын. Сол себепті, сала басшыларына бюджет қара-

жатын үнемдеп, тиімді жұмсау қажеттігін қадап тапсырды.

— Дегенмен, қаражаттың аз бөлінуі кәсіпкерлердің белсенділігін төмендетпейтіс. Сондықтан, кәсіпкерліктің аясын кеңейту үшін келешегі зор тиімді жобаларға басымдық берілуі керек. Әрине, бюджет қаражатына енгізілген өзгерістерге байланысты бұл саладағы жағдай қиындауы да мүмкін. Ол үшін кәсібін деңгелентікісі келетін іскер азаматтар аймақтық Даму қорының да мүмкіндігін мейлінше пайдаланғандары жөн, — дейді облыс әкімі Н.Садуақасов.

Тағылымды кеш

Гүлназым САҒИТОВА

Қостанай қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің құрылымдық бөлімшесі, №6 "Южный" кітапхана филиалында қазақ халқының біртуар ұлы Шоқан Уәлихановтың 180 жылдығына арналған "Хандар мен сұлтандар ұрпақтары" атты іс-шара болып өтті. Кештің қонағы болған Ыбырай Алтынсарин атындағы облыстық мемориалдық мұра-

жайының қызметкері Роза Қуанова жиналған оқырмандарды ағартушы-демократ, саяхатшы, ұлы ағартушы Шоқан Уәлихановтың өмірі мен шығармашылығымен таныстырып өтті. Ал кітапхананың мамандары болса, ұлы ағартушы Шоқанның балалық шағы мен атақты Қашқарияға жасаған саяхаты жайлы қызылықты мәлімет пен деректер айтты. Сол секілді оқырмандарды Сәбит Мұқановтың, Сапарғали Бега-

линнің Шоқан туралы жазған шығармаларымен таныстырды. Және осы шығармалардан студенттер үзінді оқыды. Оқырмандармен өңгіме барысы таныстырылу арқылы өтті. Тағылымы мол кештің белсенді оқырмандары болған Қостанай құрылыс-техникалық колледжінің 1 курс студенттері көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды. Кеште "Қазақ халқының ұлы перзенті" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Өңірде өндіріс саласы өркендеуде

Қымбат
ДОСЖАНОВА

Былырғы жылы барлық деңгейдегі мәслихаттардың құрылғанына 20 жыл толды. Осы жылдар ішінде тәуелсіз Қазақстанның өзін-өзі басқару жүйесі қалыптасып, дамудың жаңа сатысына қадам басты. Халық қалаулыларының бастамасымен шешімін тапқан мәселелер де баршылық. Қостанай облыстық мәслихатының атқарған өзге де жұмыстары өңірдегі баспасөз клубындағы брифингте айтылды.

Баспасөз конференциясына қатысқан Қостанай облыстық мәслихатының хатшысы Сайлаубек Ешанов өңірдегі экономика және әлеуметтік саланың дамуын баяндады. Сонымен қатар журналистердің сауалдарына жауап беріп, бірқатар мемлекеттік бағдарламалар туралы айтты.

— Ел тәуелсіздігінің 23 жылы ішінде мемлекетіміз көпке үлгі боларлық жетістіктерге қол жеткізді. Қазақстанның стратегиялық дамуын әлем халқы мойындады. Мінекей, бұл дегеніміз біздің ұстанған бағытымыздың оң екендігін білдірсе керек, — деді облыстық мәслихаттың хатшысы С.Ешанов.

Облыста мемлекеттік бағдар-

ламалардың жүзеге асу көрсеткіштері көңіл қуантарлық. Мәселен, "Ақ бұлақ" бағдарламасы. Бұл бағдарлама тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуге арналған. Бағдарлама бойынша өткен жылы 10 млрд. теңге бөлінген. Алтынсарин, Федоров, Сарыкөл, Таран, Денисов аудандарының тұрғындары "Ақ бұлақтың" шапағатын көріп отыр.

Қостанай облысы республикада аграрлы аймақ ретінде белгілі. Ал бүгіндері өңірде өндіріс саласы жоғары көрсеткіштерге ие болып отыр. Соның ішінде машина құрастыру жұмыстары алға басты. Қостанайда құрастырылатын темір тұлпарлардың саны жыл

сайын артуда. Өткен жылы Toyota Fortuner автокөлігінің құрастырылғаны тағы бар.

— Облыстық мәслихат депутаттарының бастамасымен шешімін тапқан проблемалар жеткілікті. Мәселен, 20-30 жыл бойы жөндеу көрмеген Диев-Әулікөл тасжолын қалыпқа келтірдік. Сол аумақтағы депутат Олег Даниленко аталған бағыттағы жолды жөндеуге республикалық бюджеттен қаражат бөлуге мұрындық болды, — деді облыстық мәслихаттың хатшысы С.Ешанов.

СУРЕТТЕ: брифингтен көрініс.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.



Ардагерлерге құрмет көрсетілді

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ


Қалалық жастар бастамалар орталығы республикалық "Ардагерлерді ардақтайық!" акциясы аясында соғыс, тыл және еңбек ардагерлеріне көмек көрсетуге кірісті.

— Ұлы Жеңістің 70 жылдығы қарсаңында игі шараны бастап жатырмыз. Отан қорғау үшін жанын аямаған ардагерлерге қанша құрмет жасасақ та артықшылық етпейді. Себебі, бүгінгі жас ұрпақтың бақытты өмір сүруі — қазыналы қарттарымыздың қажырлы еңбегінің арқасы, — деді орталық жетекшісінің орынбасары Мөлдір Асқарқызы.

Акцияның алғашқы күні құрамында Арқалық медицина колледжінің шәкірттері бар ерікті жастар тобы Родина ауылының тұрғыны, еңбек ардагері Қойшыбай Құсбековтың шаңырағында болды. Жастар қарияның ауласын қардан тазартып, үй шаруасына жәрдемдесті.

Қойшыбек ата жалғыз емес. Қосағы, балалары мен немерелері бар. Қол ұшын созып, қарайласып тұрады. Әйтсе де, адамдар арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық сынды асыл қасиеттерді айқындайтын мұндай өнегелі шаралардың да маңызы зор. Еңбек ардагерлері жастарға өнегелі өмір жолдарынан естеліктер айтып, бата берді.

Ерікті жастар тобы осы бағыттағы жұмыстарын алдағы мамыр айына дейін жалғастыра бермек ниетте. Арқалық қаласы.



● СТАТИСТИКАҒА ЖҮГІНСЕК

Орташа айлық атаулы жалақы

2014 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2013 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы 8,4% артты.

2014 жылғы қаңтар-желтоқсандағы бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасынан 5,0 есе, ең төмен жалақыдан — 4,5 есе асып түсіп, 89971 теңгені құрады.

Атаулы жалақының едәуір көп артуы 2013 жылғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласында (15,2%),

өндірісте (12,5%), көтерме және бөлшек саудада; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеуде (10,6%), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда (10,2%), ауыл, орман және балық шаруашылығында (9,9%), денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтерде (9,8%) байқалды.

Жоғары жалақы 128946 теңге қаржы және сақтандыру қызметінде байқалды (облыс бойынша орташаға қарағанда 1,4 есе артық), төменгі — өнер, ойын-сауық және демалыс саласында — 53903 теңге (орташа облыстық деңгейден 59,9 %).

Тобыл
Торғай
Тынысы

460 адам шағын несиеге қол жеткізді

Облыста. Өткен жылы "Жұмыспен қамтудың жол картасы-2020" бағдарламасы аясында бес жүзге жуық қостанайлық шағын несие алды. Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасының басшысы Е.Жаулыбаевтың айтуынша, бөлінген қаражаттың бәрі игерілді. Шағын несие алып, өз кәсібін кеңейткендердің арқасында 291 жаңа жұмыс орны құрылған.

Көш басында — кеншілер қаласы

Рудный. Кеншілер қаласы облыстың қалалары мен аудандары рейтингінде бірінші орында тұр. Шаһардың статистика басқармасының басшысы В.Бондаренконың айтуынша, былтыр өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 236 млрд. 408 млн. теңгені құрапты. Өнеркәсіптің нақты көлем индексі — 97,3% екен. Облыстың өнеркәсіп өнімдерінің көлемінде қаланың салыстырмалы салмағы 44,4% . Ал, ауыл шаруашылық өнімдерінің нақты көлемі 144,9 % құрайды. Бұған өндірісті ойдағыдай жаңғыртуға кірісіп кеткен "Жас Қанат-2006" ЖШС мен басқа да кәсіпорындардың жетістіктері әсер еткен.

"Тұрмыс-тіршілік"

Ұзынкөл. Ауданда "Тұрмыс-тіршілік" шұғыл-құқықтық іс-шарасы ұйымдастырылды. Оған көмелетке толмағандар жөніндегі учаскелік инспекторлар, ұстаздар мен психологтар қатысты. Іс-шара барысында тіркеуде тұрған маскүнем, әлеуметтік жағдайлары төмен отбасылар, бейморальды өмір салтын ұстанатындар тексерілді.

Назарда — жастар тәрбиесі

Қостанай қ. Облыстық білім басқармасының өңірлік техникалық және кәсіптік білім берудің ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен білім ордаларындағы тәрбие жөніндегі директор орынбасарларының әдістемелік бірлестігінің отырысы өтті. Жиында "Студенттік көктем-2015" байқауы мен "Толеранттық фестивалі" жобалары талқыланды.

Есенберлинді еске алды

Облыста. Биыл қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты І.Есенберлиннің туғанына 100 жыл. Осыған орай Л.Толстой атындағы әмбебап-ғылыми кітапханасында еске алу шарасы ұйымдастырылды. Кездесуге Атбасар қаласындағы І.Есенберлин атындағы әдебиет мұражай қызметкерлері арнайы келгенін айта кеткен абзал. Еске алу кешінде жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы кеңірек айтылды.

Балалар әдебиетінің алыбы

Аманкелді. Аудандық балалар кітапханасы Қадыр Мырза Әлінің туғанына 80 жыл толуына орай "Балалар әдебиетінің алыбы" атты портреттік кеш өткізді. Шараға мектеп оқушылары атсалысып, Қадыр Мырза Әлінің өлеңдерін нақышына келтіріп жатқа айтты. Келелі жиын оқушыларды қанаттандырып, тұлғаны жақын танып-білуіне жол аша түсті.

Құрама командаға қосылды

Жігітқара. Шымкент қаласында өткен жасөспірімдер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатына қатысқан Виктор Школин 52 келі салмақ дәрежесінде үшінші орынды иеленді. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген 152 мықтының арасынан суырылып шыққан былғары қолғап иесі спорт шеберлігіне үміткер көрсеткішін орындап, еліміздің құрама командасы сапына енді.

● 2015 – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ЖЫЛЫ



Татулық пен бірлік – ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАСТЫ БАЙЛЫҒЫ

қазақ халқының өз ішіндегі ауызбіршіліктің, жалпы, қазақстандықтардың ынтымақтастығы мен бірлігі арқасында жетіп отырған игілікті нәтижелер. Біздің міндетіміз – осы бірлікті алдағы

Ел ішіндегі ұлтаралық татулықты нығайтуда маңызды конституциялық орган болып саналатын Қазақстан халқы Ассамблеясының орны айрықша екенін атап өткен жөн. Бұл Ассамблея – бейбітшілік пен келісімді тиімді насихаттаушы қоғамдық институтқа, этносаралық және конфессияаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісінің негізіне айналды. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалығы, Астана қаласында мемлекет басшыларының Саммитін өткізуді дүниежүзінің қолдауы мемлекетіміздің Конституция негізінде жүргізіп отырған саликалы саясатының белгісі.

Біз қазіргі күні экономикалық жетістіктерді, әлеуметтік игіліктерді, саяси тұрақтылық пен мәдени өркендеуді бастан кешіріп отырмыз. Елдің қол жеткен табыстарына, біздегі орын алған татулық пен түсіністік жағдайларына әлемдік өркениет қызығушылық танытуда. Осының өзі көңілді марқайтып, туған елге, Отанға деген сүйіспеншілік сезіміңді арттыра түседі. Әрине, дос сүйсініп, дұшпан қызғана қарайтын жетістіктер оңайлықпен келіп жатқан жоқ. Бұл – ең алдымен

уақытта да нығайта беру, күшейте түсу. "Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді" – деп қазақ халқы ел бірлігі жөнінде өте орынды айтқан.

Дәл қазіргі күні Қазақстан экономикасы қарқынды дамып, мәдениеті өсіп-өркендеп келе жатқан әлемдегі танымал да беделді мемлекеттердің біріне айналып келеді. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ел үшін сіңіріп отырған еңбегін ерекше атап көрсеткен жөн. Біздің Елбасының алқалы жиындарда ортаға салған көптеген ұсыныс бастамалары әлемдік деңгейде мойындалып отыр. Негізі, Конституция ұғымы қазаққа жат емес. "Қасым ханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы", Тәуке ханның "Жеті жарғысы" делінетін қағидаттарда, тұжырымдарда, конституциялық идеялар көрініс тапқанын жасыруға болмас. Дала билігі – адамдарды адамгершілік пен ізгілікке, өрлік пен патриоттыққа, мейірім мен қамқорлыққа жетеледі. Қазақ жетімін жылатпаған, жесірін далада қалдырмаған. Жер дауы, жесір дауы дегендерді түйінді, дәлелді,

көңіл қоярлық сөздерімен шешіп отырған. Бидің сөзіне хан да, қара да құлақ қойған.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығына арналған "Конституция – мемлекеттің демократиялық дамуының негізі" атты ғылыми-тәжірибелік конференцияда сөйлеген сөзінде былай деген еді: "Конституция бойынша, заң бойынша өмір сүру – жай ғана қажеттілік пен азаматтық міндеттілік емес. Бұл – азат адамдардың артықшылығы. Өз құқықтарының бағасын біліп, басқалардың да осындай құқықтарын мойындайтын адамдардың артықшылығы. Осындай жағдайда ғана біз – жеке азаматтар емес, Қазақстан халқымыз, тұрғындар емес, қоғамбыз, азаматтық қоғамбыз. Географиялық кеңістік емес, бізді біріктіретін – еліміз". Бұдан қандай ой түюге болар еді?! Әрбір азамат өз ортасы мен қоғамын құрметтей білуі тиіс. "Ауылына қарап, азаматын таны" деген ертеден келе жатқан бір сөз бар емес пе?! Сол айтылғандай мемлекетіне қарап, азаматын танып-білуге болатын заманға да келдік. Мемлекетіміз қайтсе дамиды, өркендейді? Бұл – замандастарымыздың өз міндетіне деген жауапкершілікті түсінуіне, әділдік пен адалдықты басты ұстаным ретінде алуына тікелей байланысты.

Алда әлі талай жауапты сындар бар.


Өткеннен ой түйе отырып, жарқын болашаққа ұмтыла беру – парыз. Ең бастысы – туған елімізге деген сүйіспеншілігімізді арттырып, мұрат-мүдделерімізді талаптағыдай атқара білейік. Қол жеткен табыстар Тұрақтылық Отанымыздың басты байлығы – тыныштық пен бейбіт өмірге Конституцияның негізінде қол жеткіздік. Осыны түсіне білуіміз қажет.

Биылғы жыл – Тәуелсіздігіміздің жиырма төрт жылдығы. Бұл – азат Қазақстанның ең қастерлі құндылығы, халқымыздың сан ғасырлық қаһармандық тарихының ажырамас асыл бөлігі. Өткенге ой жүгіртіп, санамызбен зерделемей болашақты бағдарлау оңай болмайды. Еліміздің 24 жылда қол жеткізген жетістіктері ерекше. Отанды қалтқысыз сүю оның суығына шыдап, ыстығына күюді талап етеді. Бұл жолда біздің ең басты байлығымыз – берекелі бірлігіміз.

"Бақ берерде елге ырыс қонады, ұстанған жолы дұрыс болады" деген даналық сөз бар. Олай болса, ынтымағы мен бірлігі жарасқан еліміздің көк байрағы көкке желбірей берсін, тәуелсіз еліміз жайнап, гүлдене түссін. "Ырыс алды – ынтымақ" атты қанатты қағида мызғымас бірлігімізді, берік ауызбіршілігімізді, кішіпейіл ізгілігімізді нығайта түссін, игі істердің жалғасуына жол аша берсін!

Эргашвой ХОЛМЕТОВ,
Қостанай облыстық тәжік-өзбек орталығының төрағасы.

Бірлігі жарасқан ЕЛІМ



Қазақстан – тарихи тағдыры ортақ этностардан құралған унитарлы, зайырлы, дербес мемлекет. Оларды ортақ құрылымның аясына біріктірудің сара жолы – Қазақстан халқы Ассамблеясы. Ассамблеяны құру идеясына Қазақстан қоғамының тарихи бастаулары алғышарт болды. Ел Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен орын алған бұл тарихи құбылыс өскелең ұрпақ пен жас Қазақстанның дербес дамуына сеп болды.

Жаңа әрі теңдесі жоқ құрылымды іске асыру жұмыстары аймақтарда кіші ассамблеялар құрудан басталды. Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғамды топтастырушы тетіктердің біріне айналды. Шын мәнінде, ол ұлтаралық келісімнің қазақстандық моделін жүзеге асырудың маңызды тетігі болды.

20 жыл ішінде осы салада түрлі жұмыстар атқарылып, елдің елдігін ұлықтайтын іс-шаралар саны да жеткілікті.

Бүгінде елімізде этностардың мәдениеттері, тілдері, дәстүрлерінің дамуына барлық қажетті жағдай жасалған.

Этномәдени бірлестіктердің

өзінің саны тұрақты өсуде, қазір олар 800-ден асады, оның ішінде 28-і республикалық, 15 тілде газет-журнал, 8 тілде радиобағдарламалар, 7 тілде телебағдарламалар шығады. Білім беру толықтай өзбек, тәжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізілетін 88 мектеп жұмыс істейді. 108 мектепте 22 этностың тілі жеке пән ретінде жүргізіледі. Сонымен қатар, балалардан басқа үлкендер де 30 этнос тілдерін оқуға мүмкіндік алған 195 этно-білім беру кешендері, жексенбілік және лингвистикалық мектептер ашылды. Қазақ және орыс театрларын қоспағанда елімізде тағы төрт ұлттық – өзбек, ұйғыр, корей және неміс театрлары жұмыс істейді. Әр жыл сайын Қазақстан этностарының тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітаптар жарық көреді.

Татулық, бірлік, келісім – кез келген ел үшін ең асыл іс. Қазақстан азаттық алғалы бері осы ұранды ту етіп келеді. Сол себепті бар байлығымызды ұлықтап, Елбасының игі шараларын ту етіп, барымызды қадірлеу, оны дәріптеу ендігі жас ұрпақтың, елін сүйіп сыйлаған азаматтардың қолында.

Ел іргесі берік болсын десек, бірлігімізді сақтайық!

Арайлым ШАХМЕТОВА,
Чехов орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.

Сарыкөл ауданы.

Халықтар ынтымағы мен бірлігін берік ұстанған көпұлтты еліміз – баршаға үлгі. Қостанай облысында бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан түрлі ұлт өкілдері өздерінің төл мәдениетін, тілі мен салт-дәстүрлерін дамыту мүмкіндігіне ие. Этно-мәдени бірлестіктер облыс орталығында ғана емес, сонымен қатар ауыл-аймақтарда да баршылық. Мәселен, Рудный қаласына қарасты Горняцкий кенті – көпұлтты елді мекендердің бірі саналады. "Рябинушка" деген атаумен ауыл тыңдармандарына ке-



**"Ұлттар достығы –
ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ КЕПІЛІ", –
дейді "Рябинушка" ансамблінің жетекшісі
Наталья Данилевская**

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

ңінен танымал, ақ жаулықты әжелер тобы осы сөзіміздің бір айғағы.

Қазақ, орыс, украин, беларусь сияқты ұлт өкілдерінен құралған "Рябинушка" ансамблі осыдан жеті жыл бұрын Горняцкий кентінде құрылған. Қазір олар өз ауылдарын айтпағанда Рудныйдан тысқары елді мекендерге танымал. "Рябинушканың" бүгінгі репертуары өте бай. Ансамбль жетекшісі Наталья Данилевская:

– Ұлттар достығы – тұрақтылықтың кепілі. Сондықтан біз әр түрлі тілдегі әндерді орындаймыз. Әр ұлттың дәстүрін үйреніп қана қоймай, соны жастар арасында дәріптеуге тырысамыз. Қысқа ғана тарихы бар ансамбльдің бүгінгі жетістіктері қомақты. Әсіресе, өткен жылы өн байқауларының бірінде жеңіп алған бас жүлде ұжым мүшелеріне жақсы әсер қалдырды, – дейді.

Айта кетерлігі, ынтымағы жарасқан ұжымның

құрамында мүмкіндігі шектеулі жандар да баршылық. Людмила Жуланова – үшінші топтағы мүгедек. Былтырдан бастап төрт қабырғаға телміріп отырғаннан гөрі осы ансамбльдің қатарына қосылып, ән айтуды шешсе керек. Бұл шешіміне өзі де қуанышты. Ол өз замандастарын сүйікті ісімен айналысуға шақырады.

Әжелер ансамблі көбіне лирикалық, патриоттық әндерді орындағанды ұнатады. Қазіргі күні қазақ тіліндегі әндерге ерекше мән беруде. Рудный қаласы мен Горняцкий кентіндегі мәдени шараларды осы ансамбльсіз елестету мүмкін емес.

"Рябинушка" ансамблінің ұжымы бір-біріне асқан мейірімділікпен, татулықпен қарайды. Түрлі ұлт өкілдерінен құрылған топ бүгінде көпшілікке үлгі.

– 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жарияланды. Еліміздегі ұлтаралық келісім мен татулық ел Президенті жүргізіп отырған саликалы саясаттың негізі, – дейді олар. Рудный қаласы.


● КЕЛБЕТ

Қара шаңырақтан қанаттанған

Қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сейфолла Шайынғазы туралы сөз

Сәлім
МЕҢДІБАЙ

1. Өнерлі өрге жүзер



Иә, бүгіндер бүтіндей ен-байтақ Қазақ еліне мәшһүр журналист, ақын Сейфолла Шайынғазы өзінің шығармашылық жолын қазақ мәдениеті мен қоғамдық пікірінің қара шаңырақтарының бірі – облыстық «Қостанай таңы» газетінен бастап еді. Ол алғашқы күннен бастап, өзінің табиғи талантымен жарқырап көрінді. Қаламы жүйрік, алғыр да ізденімпаз журналист көкейтесті мәселелерді қыртысымен қопарып, талай-талай кесек материалдар жазды. Талай ақындар айтысына қатысып, қа-сиетті сахнадан заманның қордаланған түйткілдерін кестелі жырмен жалғанның жалпағына шығарды.

Иә, Сейфолла нағыз өнерпаз еді. Оның қолындағы домбыра күмбір қағатын, көмекейден ән, ауыздан маржан жыр төгілетін. Халқымыздың ғажайып өнері – айтыс ерекше бір биікке көтерілген сол бір тұста халық сүйіспеншілігіне бөленген жыр сұңқары да осы Сейфолла болды. Сөзі мен мақамы, әншілік, әртістік қабылеті үйлесім тауып, сахнада екі беті алаулап, өткір жанарынан нұр құйылып, зал толы халыққа шуақ шашып отырған арқалы ақынды көрудің өзі бір ғанибет болатын.

Сейфоллаға бұл тамаша өнер әкесі Байғоныстан дарыса керек. Бөкең бүтіндей облысқа белгілі тамаша талант еді. Қостанайдағы бүгінгі Елубай Өмірзақов атындағы облыстық филармонияның бастауында тұрған бір шоғыр өнерпаздардың бірі де сол Бөкең еді...

Сейфоллаға күнделікті өмірде өзімен бірге қызметтес болған, қанаттас жүрген қыз-жігіттерге табан астында бірер шумақ әзіл өлең шығара салу түк емес-ті. Сондай өзіме қатысты зілсіз бір әзілі күні бүгінге дейін есімде. 1990 жылы облыстық партия комитетінің бюросы мені бүгінгі атқарып жүрген қызметім – облыстық газет бас редакторының бірінші орынбасарына бекітті. Соның алдында бір шығармашылық байқауда жүлдегер болғаным да бар еді.

Сондағы Сейфолла інімнің айтқаны: «Қызмет өсті атпалап, бедел өсті, Соның бәрі қат-қабат жедел өсті. Дарыныңды сыйлайтын көп азамат, «Осы Сәкең жазбай жүр неге?» – десті.

Шындық аты үңіліп шарайнаға, Сынайықшы тура емес, жанай ғана. Қаламұшты қалтадан алмай жүріп, Бас жүлдені алдыңыз қалай ғана?

Бастық болып бірыңғай кетпегей-ді, Оны білсе, оқырман өкпелейді.» Сейфолланың осы «тура емес, жанай ғана» айтқан сын-пікірі бүкіл өміріме сабақ болып келеді. Әдетте редакция бас-

Өмірдерек

Сейфолла Шайынғазы 1955 жылы 3 ақпанда Қостанай облысының Науырым ауданында туған. 1972 жылы "Қостанайский комсомолец" кеңшарындағы Мереке орта мектебін бітірген соң Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеді. Одан кейін, яғни 1975-1978 жылдары жоғарыда аталған кеңшарда механизатор болды. Кеңшарда еңбек ете жүріп, аудандық комсомол комитетінің, кеңшар дирекциясы мен парткомының мақтау грамоталарымен бірнеше мәрте наградталды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, цехтық комсомол ұйымының хатшысы болды. Аудандық, облыстық, республикалық ақындар айтыстарына қатысты. Ал 1978 жылдан 1985 жылға дейін Мереке орта мектебінде мұғалім болып жұмыс істеді.

1979 жылы Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, оны 1985 жылы аяқтап шықты. Осы 1985 жылдан 1990 жылға дейін Қостанай облыстық "Коммунизм таңы" газетінде тілші, аға тілші болып еңбек етті.

1990 жылдың қыркүйегінде Торғай облысына қоныс аударып, облыстық "Торғай таңы" газетіне бөлім меңгерушісі болып орналасты. Ал, 1993 жылы Торғай облыстық телерадиокомпаниясы төрағасының орынбасары болды. 1995 жылы облыс әкімінің аппаратына жұмысқа ауысып, сектор меңгерушісі, облыс әкімінің баспасөз хатшысы болып қызмет атқарды.

1996 жылы республикалық "Егемен Қазақстан" газетінің Ақмола облысы бойынша меншікті тілшісі болып жұмысқа тұрды. Кейін редакция Алматыдан Астанаға қоныс аударған соң редакцияда шолушы, бөлім меңгерушісі болып қызметтер істеді. Бүгінде осы газетте бас редактордың орынбасары болып қызмет атқарады. Журналист болып еңбек ете жүріп, жұмыс бабымен бірқатар шетелдерде, соның ішінде Қытайда, Египетте, Англияда, Германияда, Америкада, Бельгияда болды.

Бірнеше кітаптардың авторы. «Құрмет» орденімен марапатталған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

шылығындағы адамдар жазу-сызуды өзгерлерден талап еткенмен өздері көп жаза бермейді, оған уақыт та жоқ. Дегенмен өз басым, Сейфолла айтқандай, «оқырман-ды өкпелетпес үшін» анда-санда болса да өзімді толғандырған мәселелерге қалам тартуды міндет санап жүремін.


Бүгіндер еліміздің бас газеті – «Егемен Қазақстанда» бас редактордың орынбасары болып істейтін Сейфолланың өзі де осы тәртіпті ұстанады. Оның жазған дүниелері ерқашан оқырман көңілінен шығып жатады. Сондықтан да болар біздің қара шаңырақтан қанаттанған қаламгер Тәуелсіз еліміздің «Құрмет» орденімен марапатталды, оған «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілген.

Сейфолла інім өзінің 2011 жылы шыққан «Ойтамызық» кітабына мынандай қолтаңба жазып, сыйлап еді: «Сәкеңе! Бірге қызмет істеген жылдардан ескерткіш болсын. Сейфолла, мамыр, 2011 ж. Астана.»

Енді оқырманға сол кітаптан екі-үш дәйексөз ұсынғалы отырмын. Теңіздің дөміні бір тамшысынан да білуге болатыны сияқты автордың білім-біліктілігі мен қарым-қасиетін осы үзінділерден де анық аңғарасың.

2. «Ойтамызық» кітабынан

«Біреулерді кінәлаудан немесе жамандаудан аулақпыз. Бірақ ел үшін ұйқысын бұзып, қазақ деген халықтың да дамыған елдердің жұртындай тоқшылықта өмір сүретін кезі келді ғой деп тынымсыз еңбек етіп, маңдайлары терлеп жүрген азаматтар көзге көп түсе бермейді. Бұл – көпшіліктің пікірі. Неге екенін білмеймін, кешегі өзіміз іске алғысыз қылып тастаған кеңестік кезде басшылардың халық арасында айтарлықтай беделі бар



болатын. Оның себебі ол замандағы билік тұтқасын ұстағандардың қолдарында қаржылары, басқа да мүмкіндіктері болып, халықтың мұң-мұқтажына белгілі бір дәрежеде қараса алғандығында да шығар. Бүгінгі басшылардың біздің сендерге береріміз жоқ, өздерің тірлік жасаңдар деп қарап тұратыны да шындық. Нарықтың осы бір қатыгез заңына біздің ағайындар үйрене алмай-ақ қойды. Содан да, шенеуніктер туралы әңгіме қозғала қалса, "жақсылығы жеке бастарынан артылмайтын соларды қойшы", – деп қолдарын бір-ақ сілтейді. Содан да қазіргі шақтың шенеуніктерін халық арасында беделді деп айта алмайсың. Қанша нарық дегенімізбен, егер талпынып көрсе, көпшіліктің қошеметіне бөлену де соншалық бір қиын міндет емес. Ол үшін, бар болғаны, адамдармен жылы сөйлесіп, өтініш-тілектерін мұқият тыңдап, материалдық жағынан реті келмеген кезде, моральдық тұрғыда ақыл-кеңестерін беріп, шынайы жанашырлық танытса, халықта қатып қалған тас емес, жібір еді.»

* * *

«Адамдардың тағдырларына алаңдау міндетіне жата қоймайтын нарық заманында басшыларға үнемі «халық жағдайына қараса жүр» деп талап қою үшін де он ойлаңып, жүз толғануға тура келеді. Бірақ, бүгінгі өмір шындығын көре отырып шенеуніктерімізге төтесінен қояр бір сауал да бар. Ол – нәліктен сендердің іс-әрекеттеріңнен мемлекетшілдік мінез бой көрсетпейді деген сауал. Қазақстан деген мемлекеттің болуының арқасында жоғары лауазымға қол жеткізіп, атақ-мансапқа кенеліп отырған адам ең алдымен сол мемлекетке адал қызмет етуі тиіс. Кейбір шенеуніктер айтып жүргендей, "қайдағы бір қазақтар үшін емес", бордақыда ұстағандай аузы-мұрындарын "майлап", өздерін асырап отырған мемлекет үшін тер төгулері керек олар. Осынау қарапайым қағида мемлекеттік қызметшілердің санасынан өзіне орын тапқан күні ғана олар атқарған істер қазіргідей көзалдаушылық сипатынан арылып, белгілі бір мақсаттарға жұмылған шынайы мәнге ие болмақ».

* * *

«Ол аз болса, кейбір ата-аналарымыздың өздері-ақ ұрпағын ішімдік пен темекіге үйретуге келгенде ешкімнен ақыл сұрай қоймайды. Сенбесеңіз, көшелерде сап түзеген іші-сырты бірдей жұпыны кішігірім

дәмханаларға бас сұғыңыз. Тәй-тәй басуға жарап қалған баласын ертіп әкеліп, қасына отырғызып арақ пен сыраны алма-кезек сораптап отырған әкесымақтардың дәл үстінен түсесіз. Рас, баласының дастарқан мәзірі әзірге бөлектеу, бірақ, көзінің астымен «тәлімгеріне» қарап қойған жеткіншектің ертең мен де сен сияқты боламын деп ойламасына кім кепіл? «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», – дейді емес пе?».

3. Дос сөзі

Ақылбек ШАЯХМЕТ,
жазушы, Ахмет Байтұрсынов
атындағы ҚМУ профессоры.

Алпыстың ауылы алыс деп ойлауға болмайды екен. Күні кеше ғана бозбала болып жүрген Сейфолла да алпысқа келіп қалыпты. Мәселе, сол жетпейтіндей көрінген алыстағы ауылға қандай жүкпен келдің, қандай іс тындырдың дегенге тірелгенде, Сейфолланың атқарған жұмысы ауқымды, көтерген жүгі қомақты екеніне ешкім де таласа қоймас.

Сейфолламен ең алғаш танысқанымда ол домбыраға қосып қазақтың тамаша әндерін келістіріп айтып беріп еді. Кейінірек қоярда қоймай қолқалап жүріп, айтыс өнері енді ғана қанат жая бастаған тұста оны облыстық ақындар айтысына қатысуға шақырдым. Сегіз қырлы, бір сырлы жас жігіт қатар-құрбысының алды, ойын-тойдың сәні болды. Егер Сейфолла XIX ғасырда өмір сүрген болса, сөз жоқ, қазақтың белгілі сал-серісінің бірі болар еді деп ойлайтынмын. Жүлделі орын алып, биіктен көрінсе де, Сейфолла айтыстың соңына түспеді, ақындық таланты басым болса да, ақындықты да қумады, андасанда көңілдегі көрікті ойларын қағазға түсіруді місе тұтып, барлық қайрат-күшін журналистикаға жұмсады.

Сейфолла Шайынғазы кезінде Қостанай, Торғай облыстық газеттерінде, Торғай облыстық телекомпаниясында жұмыс істеді. 1996 жылдан бері ел газеті – "Егемен Қазақстанда" еңбек етіп келеді. Оның "Ойтамызық" деп аталған кітабына "Е.Қ." газетінде әр жылдары жарық көрген мақалалары топтастырылған. Автор тәуелсіздік туралы қалам тербесе де сөз бен істің арасындағы алшақтықтың болмауын қадағалайды, өткеннің бәріне өкініш білдірмей, дәстүріміздің озығы мен тозығы туралы айтып, кез келген азаматты өз жерінде өгей болудан сақтандырады, шаңырақтың шайқалмауы, жастардың болашаққа сенімділігі туралы ой толғайды. Қақпақылға түскен қазақ тілі, қазіргі бизнес, кәсіпкерлерді толғандыратын көкейтесті мәселелер де журналист назарынан тыс қалмаған. Қаламгердің "Құнды сөз құнарлы ойдан шығады" деп аталған қазіргі қазақ баспасөзіне көзқарасы да өзіндік пайымдауларымен ерекшеленеді.

"Жолайырық" деп аталған жыр жинағындағы әдемі жолдар де тәнті етпей қоймайды. Ақын өлеңдерінде төтті мұң, туған жерге деген ыстық сезім "мен мұңдалап" тұрады.

Қаламгерге талантпен қатар адалдық та керек. Қазіргі өкілдер заманда шындықты айту кез келген кісінің қолынан келе бермейді. Мен білетін Сейфолла тура жолдан тайған емес, көргенін айнытпай жазудан айныған емес.

Ол өзінің маған арнаған бір өлеңінде: "Өмірдің көріп өртесін, кешін, талтүсін, Өткерер жігіт тірліктің талай талқысын. Егделікті емес, еңселі істерді өрнектеп, Алдыңнан шықты асуы биік алпысын" – деп жазып еді. Сол биік асуға Сейфолла да аман-есен келгеніне қуаныштымын.

Сен егделікке еңсенді түсірмей, еңкеймей келдің. Денсаулығың мықты, ғұмырың ұзақ болсын, бауырым!

Жарақатқа кім кінәлі?

Ермекбай ХАСЕНОВ

Облыстық әкімдіктің 2014 жылдың 8 шілдесіндегі № 314 қаулысына сәйкес еңбек инспекциясы басқармасы құрылды.

Жаңадан шаңырақ көтерген облыстық басқарманың қызметкерлері мемлекеттік еңбек инспекциясының міндетін атқарады. Оның құзырына Қазақстан Республикасының еңбек заңдылығына байланысты ұйымдарда еңбекті ұйымдастыру, қауіпсіздік шараларының талапқа сай белгіленуі бақылауға алынады. Сонымен қатар, еңбеккерлер мен жұмыс берушілердің шағымдары мен өтініштерін де мемлекеттік инспекторлар тексереді.

Еңбек қауіпсіздігі ережесі туралы бұрыннан баспасөзде жарияланып келеді. Мұның еңбек адамын қорғауда ықпалы зор. Кәсіпорындарда, ұйымдарда еңбеккерлердің сапалы жұмыс істеуіне, денсаулығын сақтауда қауіпсіздік шараларының пайдасы бар.

Халықаралық еңбекті ұйымдастыру саласының мәліметтеріне сүйенсек, әлемде күн сайын 270 миллионға жуық қайғылы оқиғалар тіркеледі екен.

Мұндай келеңсіздік біздің елімізде де кездеседі. Қазақстанның кәсіпорындарында күніне екі мыңнан астам адам жарқат алады. Сол себептен, еңбекті қорғау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлеуметтік-экономикалық мәселеде маңызды орын алады.

Бұған біздің облыста да ерекше мән берілген. Былтыр өндірістерде 166 қолайсыз оқиға тіркелді.

Дегенмен, бұрнағы жылмен салыстырғанда қайғылы оқиғалар саны 171 немесе 23% пайызға кемігені байқалады. Соның ішінде ауыр түрде жарақат алу фактісі 38%-ға төмендеген. Әйтсе де, жарақаттан көз жұмғандар саны өсіпті. Мұның ішінде Қостанай қаласындағысы — 13, Рудныйда — 8, Алтынсарин, Ұзынкөл, Таран, Жітіқара аудандарында — бір-бірден.

Мәселен, әрбір үшінші жарақат алу фактысы еңбек етуші мен жұмыс берушінің кінәсінен туындаған. Жиырма бес оқиғаның (адамның көз жұмуы) сегізі тікелей жұмыс берушінің салдыр-салақтығынан орын алған. Он жетісіне еңбек адамы мен жұмыс беруші кінәлі.

Шындығына келгенде, өндірістік жарақат алушылық көпшілігінде ауыл шаруашылығында және құрылыс саласында кездеседі. Мәселен, ауыл шаруашылығында қырықтан астам адам жарақат алған. Бұл салада қауіпсіздік шаралары күшейтіле бастағандықтан жарақаттану біршама азайды. Алайда, құрылыстарда мертігу оқиғасы 16% артты.

Кен байыту саласында жарақаттанушылық жоғары — жиырма бес адам, коммуналдық шаруашылықта — он жеті адам.

Есепті кезеңде мертігушілік Қостанай қаласында көбейген — алпыс жеті адам. Рудныйда — он сегіз, Лисаков қаласында — он төрт. Жітіқара ауданында — он тоғыз, Жанкелдин, Аманкөлдi және Сарыкөл аудандарында мұндай жағдайлар болмаған.

Жалпылай алғанда, өндірісте жарақат алу адамының сақтануды ұмытушылығынан туындайды. Көпшілік жерлерде еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері толық сақталмайды.

Зерттеу жұмыстары жүргізілгенде Соколов-Сарыбай көн өндірістік бірлестігінде экскаватор машинасы көмекшісінің сақтанбағаны анықталды. Машинист көмекшісі экскаватордың борттық рамасын тазарту кезінде салғырттыққа салынған. Қауіпті аймақта үнемі абайлау керек. Әлгі жігіт соны ұмытқан. Көн топырағы құлағанда жарақат алған. Медицина қызметкерлері жедел жеткенімен, жарақат алушыға көмек бере алмады. Машинист көмекшісі ауыр жарақаттан көз жұмды.

Мемлекеттік рәміздердің және үгіт насихаттың қалпына жауап береді. Статистика басқармасымен тұрғын үй қорын жаңарту бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар: Жоғары (заңгерлік, экономикалық, гуманитарлық, педагогикалық, агрономия, өндірістік өнімдер технологиясы) білім. Мемлекеттік қызмет етілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс етілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі (заңгерлік, экономикалық, гуманитарлық, педагогикалық, агрономия, өндірістік өнімдер технологиясы) білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын

● ҚЫЛМЫС ЖӘНЕ ТҰРМЫС

Қалтаға түскіш ұры ұсталды

